

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті сақтандыру түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 маусымдағы N 504 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті сақтандыру түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті сақтандыру түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138-құжат, 139; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат, N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар):

1) 8 0 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті сақтандыру - егер өзгесі міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін заң актілерімен белгіленбесе, шарттары тараптардың келісімімен айқындалатын заң актілері талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру.";

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы "жазылған" деген сөз ", егер өзгесі белгіленбесе, тараптардың келісімімен айқындалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тәртібі мен шарттары міндетті сақтандыру түрін реттейтін заң актілерімен

белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу жоғарыда аталған сақтандырушы үшін міндетті болып табылады." ;

2) 807-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "сақтандырудың осы түрін реттейтін" деген сөздер алып тасталсын ;

3) 815-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "Міндетті сақтандыру туралы" деген сөздер алып тасталсын ;

4) 818-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде "артық" деген сөзден кейін "және кем" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат):

55-баптың 1-тармағының бірінші абзацында "мердігерлер" деген сөзден кейін " міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін заң актерілеріне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын .

3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7 - 8 , 23 - құжат) :

1) 30-баптың бірінші бөлігінде "сондай-ақ" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заң актілерінің талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 31-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) пайдаланушы Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заң актілерінің талаптарына сәйкес сақтандыру шарасын жасамаса, жарамсыз деп танылады . " .

4. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) 7 - б а п т а :

а л т ы н ш ы а б з а ц т а :

"міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандырылуға," деген сөздер алып тасталсын;

"орындау" деген сөз "орындау үшін оларды тартқан" деген сөздермен ауыстырылсын ;

ж е т і н ш і а б з а ц т а :

"зейнетақымен" деген сөз "әлеуметтік" деген сөзбен ауыстырылсын;
"салдарынан болса," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңдарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 18-баптың екінші бөлігінде "пайда болу қатеріне байланысты қызметі" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заң актілерінің талаптарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8, 187-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат, 2006 ж., N 1 , 5 - қ ұ ж а т) :

1) 2 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құтқарушыларды сақтандыру міндетті сақтандыру түрлері туралы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша құтқарушылардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларын, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тартылған құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарды әлеуметтік қорғау кепілдіктері.

Осы Заңның 28 және 29-баптарында көзделген құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер ерікті авариялық-құтқару құрамаларының құтқарушыларына, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартылған құтқарушылар болып табылмайтын азаматтарға қолданылады."

6. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 83-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

18-баптың 3-тармағының алтыншы абзацы алып тасталсын.

7. "Сот приставтары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 201-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат):

1 0 - б а п т а :

атауы және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Сот приставтарын әлеуметтік қорғау шаралары

1. Сот приставтарын сақтандыру республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.";

2 - тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "сақтандыру сомасы" деген сөздер "өтемақы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "сақтандыру сомалары" деген сөздер "өтемақылар" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл орайда осы баппен көзделген біржолғы өтемақылар басқа төлемдерге қарамастан, соның ішінде сақтандыру төлемдері мен зиянды өтеу тәртібімен жасалатын төлемдерге қарамастан төленеді.";

6-тармақтағы "сақтандыру сомасы" деген сөздер "осы баппен көзделген біржолғы өтемақылар" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат):

1) 27-2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларды сақтандыру Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 83-баптың 1-тармағында "міндетті түрде сақтандырылуға тиіс" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заң актілеріне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

б - б а п т а :

атауындағы "жеке" деген сөз алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады."

10. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат, N 15, 139-құжат; 2004 ж. N 11-12, 66-құжат; 2005 ж., N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4 , 25 - құжат) :

1) 6-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мазмұны мен шарттары Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрін айқындайтын заң актісімен айқындалатын міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың бөлек сыныбы болып табылады.";

2) 11-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын;

"6) сақтанушылардың (сақтандырылушылардың), жәбірленушілердің (пайдалушылардың) және олардың өкілдерінің жазбаша және ауызша өтініштерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайларының мәселелері бойынша келіп түскен өтініштер мен құжаттарды тіркеу тәртібі;

7) сақтандыру жағдайлары мәселелерінің өтініштері мен құжаттары бойынша сақтанушыларға (сақтандырылушыларға), жәбірленушілерге (пайдалушыларға) есептерді ұсыну және қарау тәртібі;

8) сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау рәсімі.";

3) 32-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Қазақстан Республикасының резиденті - еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысы бойынша бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде рейтингті агенттіктердің біреуінің ең аз талап етілетін рейтингі болған жағдайда Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бола алады. Ең аз рейтингіні және рейтингті агенттіктердің тізбесін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісі белгілейді.";

4) 37-баптың 6-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңның 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелінің берілуін растайтын құжаттарды табыс етеді.";

5) 43-баптың 9-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылығын сипаттайтын коэффициенттерді (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент) есептеу тәртібін айқындайды";

6) 46-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Уәкілетті орган ипотекалық сақтандыру бойынша және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымына арналған төлем қабілеті маржасының ең аз деңгейіне, сондай-ақ ипотекалық сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін сақтандыру резервтерін есептеу тәртібіне қосымша талаптарды белгілеуге құқылы.";

7) 48-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "тыйым салынады" деген сөздер алып тасталсын;

." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгімен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымы мәжбүрлеп таратылған кезде сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қор акцияларын сатып алуға т ы й ы м с а л ы н а д ы . " ;

8) 53-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "шығымдылық коэффициенттері" деген сөздер "шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент)" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 54-баптың 1-тармағында :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Сақтандыру сыйлықақысының негізделмеген мөлшерін қолдану, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан негізсіз бас тарту, сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмау арқылы міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің бұзылу фактілері анықталған;"

9) тармақшада "төтенше жарналарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қосымша жарналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 55-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін бірнеше мәрте (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде екі және о д а н д а к ө п р е т) б ұ з ғ а н ; " ;

11) 75-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"75-1-бап. Шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент)

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары барлық не жекелеген сақтандыру сыныптарын (түрлерін) жүргізу кезінде өз қызметіне талдау жасау мақсатында шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерді (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент) есептейді.

2. Шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент) - барлық не жекелеген сақтандыру сыныптарын (түрлерін) жүзеге асыру кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қызметінің шығындылығын көрсететін салыстырмалы к ө р с е т к і ш т е р .

Шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерді (шығындылық коэффициенті, жұмсалған қаражат коэффициенті, аралас коэффициент) есептеудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді."

11. "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; N 17-18, 76-құжат; 2006 ж . , N 2 , 2 0 - қ ұ ж а т) :

9-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "заңдарына" деген сөз "заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 63-құжат; 2005 ж., N 4, 55-құжат; 2006 ж., N 4, 25 - қ ұ ж а т) :

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының құқықтық жағдайын, оны құру және қызмет ету тәртібін, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шарттарын айқындайды.";

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдері - өміріне, денсаулығына осы Заңда көзделген жағдайларда өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушіге және осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға төленетін ақша сомасы;"

3) тармақшадағы "міндетті сақтандыру туралы" деген сөздер "міндетті сақтандыру түрін реттейтін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қосымша жарна - осы Заңда көзделген тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына сақтандыру ұйымы төлейтін, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары бөлігі түріндегі ақша сомасы;"

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) жәбірленуші - өзге тұлға көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген тұлға;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) зиянды өтеу резерві - Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры бастапқы бір жолғы жарналар мен осы Заңда көзделген жағдайларда тек қана жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу үшін пайдаланылатын қосымша жарналар есебінен қалыптастыратын ақша сомасы

; " ;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"тек қана кепілдік және" деген сөздер "кепілдік," деген сөзбен ауыстырылсын; ", және осы Заңда көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қатысушы-сақтандыру ұйымдары Қордың акционерлері болып табылады.";

4) 6 - б а п т а :

1) тармақшада "міндетті және төтенше жарналарды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда көзделген қосымша жарналарды" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) осы Заңда көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер мөлшерін белгілеу ; " ;

5) 7-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қор осы Заңның 8-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне қабылдайды . " ;

6) 8 - б а п т а :

атауындағы "негізгі міндеті" деген сөздер "негізгі міндеттері" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қордың негізгі міндеттері:

1) қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) өзге адам осы Заңда көзделген жағдайларда көлік оқиғасы нәтижесінде өміріне, денсаулығына зиян келтірген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады .

2. Қор негізгі міндеттерді орындау үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) осы Заңға сәйкес кепілдік және өтемақы төлемдерін жүзеге асыру;

2) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының міндетті және төтенше жарналарын тарту;

3) қатысушы-сақтандыру ұйымдарының қосымша жарналарын тарту;

4) осы Заңға сәйкес жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен инвестициялық қызмет . " ;

7) 10-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қатысушыда-сақтандыру ұйымында көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға лицензия болған жағдайда қатысу шартына мынадай шарттар:

1) қосымша жарналарды төлеу тәртібі;

2) тараптардың жауапкершілігі міндетті енгізілуге жатады.";

8) 12-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңда көзделген жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін зиянды өтеу резерві жеткіліксіз болған жағдайда Қор ағымдағы тоқсанның аяғына дейін Қордың директорлар кеңесі белгілеген мөлшерде сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын пайдалануға құқылы. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервін қалпына келтіру үшін Қор сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің пайдаланылған сомасы мөлшерінде төтенше жарналарды тартады."

9) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1-тарау. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша Қордың төлемдері

17-1-бап. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді алу құқығы

1. Қор көлік оқиғасы орнынан көрінбей кеткен және жәбірленушіге зиян келтіруге жауапты адам анықталмаған жағдайда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиян мен жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді (бұдан әрі - зиянды өтеу бойынша төлем) жасайды.

Жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша төлемдерді Қор тек денсаулыққа ауыр зиян келтірілгенде ғана жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар зиянды өтеу бойынша төлемдерді алу құқығына ие болады.

3. Жәбірленушінің не осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдардың зиянды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі талабы, сондай-ақ осы баптың 5-тармағында көрсетілген адамдардың жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу туралы талабы Қорға осы баптың 1-тармағында көзделген жағдай басталған сәттен бастап бір ж ы л і ш і н д е қ о й ы л а д ы .

4. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда зиянды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі талап ету құқығы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сай жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адамға (а д а м д а р ғ а) к ө ш е д і .

5. Жәбірленушіні жерлеген адамға Қор осы Заңның 17-2-бабы 2-тармағының 1), 4), 6), 7) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініштің негізінде, Қордың директорлар кеңесі белгілеген мөлшерден аспайтын жерлеуге шыққан нақты шығыстарды өтейді.

17-2-бап. Қордың зиянды және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыруы

1. Жәбірленуші не осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген адамдар зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып өтінішпен тікелей

Қорға не қатысушы-сақтандыру ұйымына хабарласуға құқылы.

2. Зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) осы Заңның 17-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайдың басталу фактісін растайтын құжаттың нотариатта куәландырылған көшірмесі;

2) денсаулық сақтау ұйымы қорытындысының нотариатта куәландырылған көшірмесі, әрі онда жәбірленуші алған жарақат пен мертігулердің сипатын, диагнозын, уақытша жұмысқа жарамсыздық кезеңін көрсете отырып, жәбірленушіге көлік оқиғасы нәтижесінде денсаулығына зиян келтірумен байланысты көрсетілген медициналық көмек болуы тиіс;

3) медико-әлеуметтік немесе сот-медициналық сараптама мекемелерінің жұмыс істеу қабілетін жоғалту дәрежесі туралы, сондай-ақ жәбірленуші алған жарақаттар мен мертігулердің және көлік оқиғасы арасындағы себеп-салдар байланысын растайтын қорытындының нотариатта куәландырылған көшірмесі;

4) жәбірленушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес зиянды өтеу құқығына ие адамның құқығын растайтын құжаттың нотариатта куәландырылған көшірмесі (жәбірленуші қайтыс болған жағдайда);

6) жерлеуге нақты шыққан шығындарды растайтын құжаттар не олардың көшірмелері (жәбірленуші қайтыс болған жағдайда);

7) жеке басты куәландыратын куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесі.

3. Жәбірленуші не осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген адамдар не қатысушы-сақтандыру ұйымы зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар пакетін ұсынғаннан кейін Қор зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру туралы не оларды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлем жасау туралы шешімді Қор осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қабылдайды. Зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемді Қор зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлем жасау туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

5. Қор осы баптың 3-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты қатысушы-сақтандыру ұйымдарының шығыстарын нақты болған шығыстар мөлшерінде, бірақ бес айлық есептік көрсеткіштен астам емес мөлшерде өтейді.

6. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша

төлемдердің шекті мөлшері Қордың директорлар кеңесімен айқындалады.

7. Зиянды өтеу бойынша төлем моральдық залалдың, мүлікке келтірілген зиянның, жәбірленушінің не осы Заңның 17-1-бабының 4-тармағында көзделген адамдардың жіберіп алған пайдасының, қоршаған табиғи ортаға келтірілген залалдың орнын т о л т ы р м а й д ы .

8. Зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді Қор тікелей немесе агент-банк арқылы, сондай-ақ қатысушы-сақтандыру ұйымы жәбірленушінің не осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген адамдардың банк шоттарына қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

9. Қор зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерден мынадай жағдайларда:

1) көлік оқиғасы қорғану қажеттілігі мен өте қажет болған жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, жәбірленушінің қасақана жасаған іс-әрекетінің не оның басталуына ықпал ететін іс-әрекетінің не оның басталуына ықпал ететін іс-әрекетінің салдарлары болып табылса;

2) жәбірленушінің іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана жасалған қылмыс немесе көлік оқиғасымен себепті байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылық деп танылса;

3) Қорға немесе қатысушы-сақтандыру ұйымына осы Заңның 17-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдай басталған сәттен бастап бір жыл өтіп кеткеннен кейін х а б а р л а с қ а н жағдайда;

4) көлік оқиғасы тежеусіз күштің салдарынан, яғни ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті улану, әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, жиналыстар, митингтер, шерулер, пикеттер мен бұқаралық шерулер, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуіл сияқты төтенше және осындай алдын алуға болмайтын жағдайларда болса б а с т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған жағдайда Қор құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде бас тартудың себептерін дәлелдеп негіздей отырып жазбаша түрде хабарламаны жіберуге міндетті.

10. Осы Заңмен жүктелген функцияларды орындау үшін Қор Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігімен тараптардың осы Заңға сәйкес Қордың төлемдерді жүзеге асыру үшін негіз болған оқиғалармен байланысты ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімін белгілейтін ақпаратпен алмасу туралы келісімді жасасады.

17-3-бап. Зиян келтірген адамға кері талап ету құқығы

Қор жәбірленушіге зиян келтірген тұлғаға Қор жәбірленушінің не осы Заңның 17-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген адамдардың зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі талабын қараумен байланысты шеккен шығыстарын ескере отырып, зиянды және/немесе

жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер шегінде кері талап ету құқығына ие болады.

17-4-бап. Зиянды өтеу резервін құру

1. Қор зиянды өтеу резервінің қаражаты есебінен зиянды және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу төлемдерді жүзеге асырады.

Зиянды және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін зиянды өтеу резервінің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда Қор сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервін пайдаланады.

2. Уәкілетті орган белгіленген мөлшердегі бастапқы бір жолғы жарналар және сақтандырушы Қормен жасалған қатысу шартына сәйкес төлейтін қосымша жарналар зиянды өтеу резервін қалыптастыру көздері болып табылады.

Қосымша жарналар ставкасын есептеу әдістемесі, оларды төлеу тәртібі мен мерзімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Қосымша жарналардың мөлшері қатысушы-сақтандыру ұйымы көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша есептеген сақтандыру сыйлықақыларының және қосымша жарналар ставкаларының көлеміне сүйене отырып есептеледі.

4. Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия қолданылуының тоқтата тұрылуы қатысушы-сақтандыру ұйымын қосымша жарналарды төлеуден босатпайды.

5. Қатысушы-сақтандыру ұйымы оны мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап қосымша жарналарды төлеуден босатылады.

17-5-бап. Қосымша жарналарды төлеу жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындамау

1. Қор қосымша жарналарды төлемеген, уақтылы төлемеген не толық көлемде төлемеген жағдайда жеті жұмыс күні ішінде қатысушы-сақтандыру ұйымының осы Заң бойынша өз міндеттемелерін ойдағыдай орындамауы туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

2. Уәкілетті орган қатысушы-сақтандыру ұйымының қосымша жарналарды төлеу бойынша міндеттемелерді ойдағыдай орындамауы туралы Қордың хабарламасын алған кезде ол мұндай сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын қолдануға құқылы".

13. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 104-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлікте "жол полициясының қызметкерлеріне" деген сөздерден кейін "және көлікті бақылау органдарының лауазымды тұлғаларына" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте "жол полициясы бөлімшелерінің" деген сөздерден кейін "және

көлікті бақылау органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 8-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 8-1 және 8-2-баптармен толықтырылсын:

"8-1-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша деректер базасы

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру құқығына лицензияны алғанға дейін осы Заңмен айқындалған тәртіппен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша деректер базасының (бұдан әрі - деректер базасы) қатысушысы болуға міндетті.

2. Деректер базасы - сақтанушы, сақтандырылушы және сақтандырушы туралы ақпараттың жиынтығы.

Сақтандыру есебі - деректер базасындағы ақпаратты толық немесе ішінара беру нысаны.

Сақтанушы мен сақтандырылушы деректер базасының субъектілері болып табылады.

3. Деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуде тек қатысушылары көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығы лицензиясына ие сақтандырушылардың жетпіс пайызынан кем емес болып табылатын ұйымға ғана жүзеге асыруға құқылы.

Ұйым Қазақстан Республикасының заң актілеріне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

4. Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Заңмен көзделген талаптарды іске асыру функцияларын сапалы әрі уақтылы орындауды қамтамасыз ету мақсатында жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан ақпаратты, оның ішінде сақтандыру құпиясын құрайтын ақпаратты алуға құқылы.

Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметкерлері өз функцияларын жүзеге асыру барысында алған қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

5. Мыналар:

1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар;

2) ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттардың негізінде өзге де тұлғалар деректер базасын қалыптастыруға арналған ақпараттың жеткізушілері болып табылады.

6. Ақпаратты жеткізуші:

1) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан ұсынылатын ақпаратты осы Заңға сәйкес пайдалануды талап етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және (немесе) ақпаратты беру және (немесе) ақпаратты алу туралы шартқа сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

7. Ақпаратты жеткізушілер:

1) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шартты жасасуға;

2) осы Заңмен және ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттармен айқындалған көлемде әрі тәртіппен деректер базасын қалыптастыру үшін деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ақпарат ұсынуға;

3) деректер базасы субъектісінің талабымен деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға берілген ақпаратқа түзетулер енгізуге;

4) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға деректер базасының субъектісі туралы қолдағы мәліметтерге дәл сәйкес келетін ақпаратты ұсынуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді пайдалануға;

6) өз қаражаты есебінен ақпаратты алу мен өндеудің тиісті жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Мыналар:

1) сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар;

2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандырушылар;

3) деректер базасының субъектілері;

4) сақтандыру және актуарлық есеп айырысулар саласында консультациялық қызмет көрсететін консалтингтік және ғылыми-зерттеу ұйымдары сақтандыру есебін алушылар;

5) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша міндеттерін орындауына бақылау жасайтын уәкілетті мемлекеттік органдар болып табылады.

Осы тармақта көрсетілмеген өзге тұлғаларға ақпаратты беруге рұқсат етілмейді.

9. Осы баптың 8-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебінің алушылары сақтандыру есебін тек қана өздері ғана туралы алуға құқылы.

Осы баптың 8-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебінің алушылары тек жасалған сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, сақтандыру жағдайлары, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің сомалары бойынша жиынтық ақпараты бар сақтандыру есебін ғана (мүлік

пен денсаулық бойынша төлемдер бөлігінде) алуға құқылы.

10. Ақпаратты алушы сақтандыру есебін алуға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

Осы баптың 8-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар :

1) оларға ақпаратты алушылар ретінде тіркелген кезде ұсынылған мәліметтердегі өзгерістер туралы хабардар етуге;

2) алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға және оны үшінші бір тұлғаларға жария етпеуге;

3) алынған ақпаратты тек осы Заңда көзделген мақсаттар үшін ғана пайдалануға;

4) деректер базасын субъектінің талабы бойынша оны ақпараттың мазмұнымен таныстыруға не оған ақпаратты алушының ішкі ережелеріне сәйкес оның көшірмесін беруге ;

5) деректер базасынан ақпаратты беру қызметін төлеуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді көтеруге міндетті." ;

8-2-бап. Деректер базасын қалыптастыру үшін ұсынылатын ақпарат

1. Осы Заңның 8-1-бабының 5-тармағында көрсетілген ақпаратты жеткізушілер және осы Заңның 8-1-бабының 8-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар ақпаратты беру және сақтандыру есептерін алу жөніндегі өз міндеттемелерін орындау мақсатында деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттарды жасасуға міндетті.

2. Сақтандырушылар ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттарда көзделген тәртіппен, мерзімде және көлемде әрбір жасалған сақтандыру шарты жөнінде, сақтандыру сыйлықақыларының көлемі, сақтандыру жағдайлары, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің сомалары (мүлік пен денсаулық бойынша төлемдер бөлігінде) туралы ақпаратты ұсынады.

3. Осы баптың 2-тармағында санамаланған ақпарат тиісті бағдарламалық қамтамасыз етумен біріккен ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық түрде ұсынылады .

4. Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым сақтандырушылардың деректер базасының ақпараттық ресурстарын құру мен пайдалануға қатысудың тең шарттарын қамтамасыз етуге міндетті.";

4) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"органдарының жол полициясы бөлімшелері" деген сөздер "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"сақтандыру жағдайының" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ көлік оқиғасы

орнынан көрінбей кеткен адам жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтірген жағдайдың" деген сөздермен толықтырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"органдарының жол полициясы бөлімшелері" деген сөздер "органдары" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сақтандырушы" деген сөзден кейін "және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 16-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "сақтандыру жағдайының" деген сөздердің алдынан "көлік оқиғасының және" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 17-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы "немесе оның өкілінің" деген сөздер "(сақтандырылушының) не жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 19, 20-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде төленуге тиіс жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйлықақысы пайдаланылады, әрі оған көлік құралының типіне және көлік құралының тіркелген жеріне қарай көлік құралының типі мен тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылады.

Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайларда тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

2. Базалық сақтандыру сыйлықақылары мынадай мөлшерде белгіленеді (айлық есептік көрсеткіштермен):

Ең аз базалық сыйлықақысы	сақтандыру	Ең көп базалық сыйлықақысы	сақтандыру
Жеке тұлға үшін	заңды тұлға, жеке кәсіпкер үшін	жеке тұлға үшін	заңды тұлға, жеке кәсіпкер үшін
5,5	9,2	8,3	14,0

3. Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

N р/с	Көлік құралының түрі	жеке тұлға үшін	заңды тұлға, жеке кәсіпкер үшін
1	Қозғағыш көлемі мынадай жеңіл автомобильдер және олардың базасында жасалған көлік құралдары: 1200 текше сантиметрге дейін, қоса алғанда 1200-ден жоғары 1600 текше сантиметрге дейін 1600-ден жоғары 2000 текше сантиметрге дейін 2000-ден жоғары 2500 текше сантиметрге дейін 2500-ден жоғары 3500 текше сантиметрге дейін 3500 текше сантиметрден жоғары	0,68 1,00 1,45	0,42 0,59 0,72

		1 , 9 3	1,00
		2 , 5 4	1 , 1 0
		3,38	1,40
2	Автобустар, шағын автобустар және олардың базасында жасалған көлік құралдары: Жолаушылар орны 16-ға дейін, қоса алғанда Жолаушылар орны 16-дан көп	2 , 4 5	0 , 8 3
		2,58	1,00
3	Жүк көтергіштігі мынадай жүк автомобильдері және олардың базасында жасалған көлік құралдары: 2 тоннаға дейін, қоса алғанда 2 тоннадан көп	2 , 8 3	0 , 9 7
		3,12	1,19
4	Троллейбустар, трамвайлар	-	1,00
5	Мотокөлік	0,48	0,14
6	Тіркемелер(жартылай тіркемелер)	0,74	0,30

4. Көлік құралының тіркелген аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

N р/с	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	жеке тұлға үшін	заңды жеке тұлға, кәсіпкер үшін
1.	Алматы облысы	0,73	0,83
2.	Оңтүстік Қазақстан облысы	0,55	0,82
3.	Шығыс Қазақстан облысы	0,73	0,81
4.	Қостанай	0,82	0,78
5.	Қарағанды	0,59	0,82
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	0,61	0,76
7.	Ақмола облысы	0,71	0,79
8.	Павлодар облысы	0,70	0,87
9.	Жамбыл облысы	0,60	0,76
10.	Ақтөбе облысы	0,63	0,71
11.	Батыс Қазақстан облысы	0,61	0,72
12.	Қызылорда облысы	0,60	0,67
13.	Атырау облысы	0,96	0,72
14.	Маңғыстау облысы	0,59	0,72

15.	Алматы	1,00	1,00
16.	Астана	0,87	0,97

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген облыстардағы өзге қалалар мен межелі жерлер үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін қосымша 0,8 мөлшерінде түзету коэффициенті қолданылады.

6. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын он екі айдан кем мерзімге жасасқан көлік құралының әр бірлігіне арналған сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшері белгіленеді:

N р/с	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан процент есебімен)
	5 күн	10
	6 күннен - 15 күнге дейін, қоса алғанда	15
	16 күннен - 1 айға дейін, қоса алғанда	20
	1 айдан - 2 айға дейін, қоса алғанда	30
	2 айдан - 3 айға дейін, қоса алғанда	40
	3 айдан - 4 айға дейін, қоса алғанда	50
	4 айдан - 5 айға дейін, қоса алғанда	60
	5 айдан - 6 айға дейін, қоса алғанда	70
	6 айдан - 7 айға дейін, қоса алғанда	75
	7 айдан - 8 айға дейін, қоса алғанда	80
	8 айдан - 9 айға дейін, қоса алғанда	85
	10 айдан - 11 айға дейін, қоса алғанда	95
	11 айдан жоғары	100

7. Кешенді шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінен ең көп көлеміне теңімен айқындалады.

20-бап. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін азайту және көбейту

1. Көлік құралдарының иелері - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер стандартты шартты жасасқан кезде осы Заңның 19-бабына сәйкес есептелген, төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының елу проценті мөлшеріндегі сақтандыру сыйлықақысын төлейді.

Егер көлік құралын осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралы иелерінің

жауапкершілігін міндетті сақтандыру мұндай жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

2. Сақтандырушы Сақтандыру ережесіне сәйкес мынадай критерийлерге қарай тәуекелдердің жіктелуін ескере отырып, осы Заңның 19-бабында белгіленген базалық сақтандыру сыйлықақысының ең аз және ең көп мәні шегінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындайды:

- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) апаттылық тарихына;
- 2) көлік құралының пайдалануда болу мерзіміне (көлік құралын шығарған күнге);
- 3) өзге критерийлерге.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген критерийлерді сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысы мөлшерін есептеген кезде қолдануы сақтандыру полисі (оның телқұжаты) негізінде жүзеге асырылады. Сақтандыру полисі (оның телқұжаты) болмаған жағдайда сақтанушы (сақтандырылушы) алдындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыдан алған анықтаманы береді.

4. Анықтамада мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) сақтандырушының атауы және тұратын жері;
- 2) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) мен сақтанушының және сақтандырылушының (егер олар жеке тұлға болып табылса) тұрғылықты мекен-жайы немесе оның атауы, тұратын жері мен банк деректемелері (егер олар заңды тұлға болып табылса);

3) міндетті сақтандыру шартында көрсетілген көлік құралдары туралы, оның ішінде моделі, қозғағыш көлемі, мемлекеттік нөмірі, тіркелгендігі туралы куәлік нөмірі;

4) сақтандыру төлемінің мөлшері туралы (болған жағдайда) нұсқау;

5) міндетті сақтандыру шартын жасаған күн және қолданылу мерзімі;

6) міндетті сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) нөмірі, сериясы.

5. Сақтанушылар көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаған жағдайда біріншіден, сақтандырушы сақтанушыдан бұл туралы жазбаша нысандағы растауды талап етуге құқылы.

6. Алдындағы міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы осы баптың 4-тармағында көзделген анықтаманы тегін береді.

7. Сақтандырушының осы бапта көзделгеннен өзге негіздер бойынша төленуге тиісті сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе көбейтуге құқығы жоқ."

8) 22-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі "немесе оның өкілінің" деген сөздер "(сақтандырылушының) не жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Көлік оқиғасы басталған кезде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайдағы тұлғалардың іс-әрекеті

Көлік оқиғасы болған кезде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер

болмаған жағдайда оның қатысушылары мүмкіндігінше болған көлік оқиғасы туралы сақтандырушыларды хабардар етуі тиіс.

Сақтандырушылар көлік оқиғасы болған жерге өз өкілдерін жіберуге құқылы.

Көлік оқиғасының қатысушылары өзара келісім бойынша болған оқиғаның жағдайларын және болжамды зиян мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мүлікке келтірілген зиян мөлшерін бағалаған кезде болған оқиғаның нобайын дербес жасап, оған қол қойып, оны ресімдеу үшін ішкі істер органдарының жақын жердегі бекетіне немесе бөлімшесіне барулары тиіс.";

10) 25 - бапта :

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "жәбірленушінің еңбекке уақытша қабілетсіздігінің" деген сөздердің алдынан "жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда -" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің алғандығы жөніндегі белгісімен сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы (сақтандырылушы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттардың барлығын бермеген жағдайда, сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларға жазбаша хабарлауға міндетті.";

11) 29-баптың 3-тармағындағы "сақтандырушы талап қойылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талап қойған тұлғаға" деген сөздер " өтінішті және осы Заңның 25-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы өтініш иесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 102-құжат; 2006 ж., N 2, 20-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 7-баптың 3-тармағының екінші бөлігінде "жол полициясы бөлімшелері" деген сөздерден кейін "және көлікті бақылау органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Тасымалдаушы жасаған көліктегі сақтандыру жағдайы туралы актіде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;

2) көлік түрі;

3) рейс нөмірі, поезд нөмірі, кеменің аты т.б.;

4) с а п а р б а ғ ы т ы ;

- 5) жәбірленушіде болған жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу орны, күні және уақыты;
- 7) жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақымдардың сипаты;
- 8) жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымдардың сипаты;
- 9) сақтандыру жағдайының күйіне қысқаша сипаттама;
- 10) тергеуді жүзеге асыратын құзыретті органның атауы;
- 11) жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және тұратын жері;
- 12) көлік ұйымы не көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 13) тергеуді жүзеге асыратын құзыретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қ о л ы ;

14) т а с ы м а л д а у ш ы н ы ң м ө р і . "

15. "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 179-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 20-құжат):

мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың ерекшеліктері

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға құқық беретін лицензия алғанға дейін Қорды құру және оның қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушысы болуға міндетті.

2. Туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырушы сақтандырушы өз қаржылық есеп беруін жыл сайын Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын кем дегенде екі мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық қаржылық есептілікті жариялау тәртібі туралы нормативтік құқықтық актісінде көзделген көлемде және мерзімде жариялап отыруға міндетті.

3. Сақтандырушылар туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру тәуекелдері, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері бойынша ақпараттық деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымды құруға қатысуға құқылы.";

16. "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж . , N 3 - 4 , 2 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

б) т а р м а қ ш а д а :

"еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға (бұдан әрі - жазатайым оқиға)" деген сөздер "қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуға" деген сөздер "кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына" деген сөздер "кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) сақтандыру жағдайы - оның басталуына қарай қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;" ;

2) 8 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) заңды тұлға және дербес кәсіпкер мемлекеттік тіркеуге тұрған кезден бастап он жұмыс күні ішінде сақтандырушымен жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;" ;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) персоналдың санаттары мен қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекелі өзгерген кезден он жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;" ;

4) тармақшадағы "сақтандыру жағдайының басталғаны" деген сөздер "қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "жазатайым оқиғалардың" деген сөздер "қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын;

4) 11 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы" деген сөздер алып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

"Сақтандыру полисі" деген сөздер "Сақтандыру шарты" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Сақтандыру полисі бланкісін дайындауға және оның телнұсқасын ресімдеуге"

деген сөздер "Сақтандыру шартының телнұсқасын ресімдеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) сақтандырушы сақтандыру шартымен белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшеріндегі сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған";

6) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сақтандыру сомасы

1. Сақтандыру сомасы жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ ол жұмыс берушінің міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде барлық қызметкерлердің еңбек ақысының жылдық қорынан кем болмауға тиіс.

2. Сақтандыру сомасы сақтандыру төлемі мөлшерінің сомасына кемиді.

3. Сақтандыру сомасы қызметкерлердің еңбекақысының жылдық қоры өзгерген жағдайда ғана өзгеруі мүмкін."

7) 17-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы персоналдың тиісті санаты бойынша еңбекақы төлеу қорына көбейтілген, осы баптың 2-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің негізінде тараптардың келісімімен айқындалады. Алынған сомалар жинақталуға жатады.

Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбекақы төлеу қоры өсетін болса, онда тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына негізгі шарттың қолданылу кезеңінде қосымша келісім жасау арқылы өзгерістер енгізілуі мүмкін (сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде). Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қоры сомасының өзгеруі және негізгі шарттың аяқталуына дейін қалған мерзім негізінде есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты (негізгі шарт) жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне теңбе-тең есептеледі."

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Персоналдың санаттары мен қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы кезінде сақтандыру сыйлықақысы жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін қалған мерзімге теңбе-тең қайта есептеледі."

8) 18-бапта:

1-тармақтағы "келтірілген зиянды өтеу жөніндегі" деген сөздер "зиян келтіргені үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына" деген сөздер "кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Зиян мөлшерін анықтау тәртібі. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі

1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін алуына байланысты жалақыдан (кірістен) айрылуына қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

2. Қызметкерге кемінде бір жыл немесе бір жылдан астам мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған шығыстардың, сондай-ақ қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшерін сақтандырушы осы шығыстарды растайтын құжаттардың н е г і з і н д е а й қ ы н д а й д ы .

Жерлеуге арналған шығыстарды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

3. Қызметкерге кемінде бір жыл немесе бір жылға тең мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты қызметкердің жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалған мөлшерде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

4. Қызметкерге кемінде бір жыл немесе бір жылға тең мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты, сондай-ақ денсаулықтың зақымдануымен туындаған шығыстарды өтеу бойынша сақтандыру төлемін сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген құжаттар негізінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеген кезден бастап ж е т і ж ұ м ы с к ү н і і ш і н д е ж а с а й д ы .

Осы тармақта көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алушы жәбірленуші қ ы з м е т к е р б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша сақтандыру төлемін алушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды шеккен тұлға болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызметкердің не қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстарды шеккен тұлғаның жазбаша өтініші бойынша сақтандырушы өтініш иесінің болашақта жұмсалатын шығыстар шотына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

7. Қызметкерге бір жылдан аспайтын мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлғалардың жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі осы Заңның 23-бабына сәйкес сақтанушымен жасалған

аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшеріне тең мөлшерде жүзеге асырылады.

Қызметкерге бір жылдан аспайтын мерзімге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес зиянды өтеу құқығын алған тұлғалардың жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі сақтанушы онымен аннуитет шартын жасасуға міндетті аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған пайда алушының таңдаған сақтандыру ұйымына аударылады.

8. Қызметкердің қаза болуына немесе оның денсаулығының зақымдануына байланысты зиян үшін сақтандыру төлемі нақты зиян мөлшерінде, бірақ жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

Егер осы баптың 7-тармағына сәйкес айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерінен аз болған жағдайда, көрсетілген айырмашылық аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған сақтандыру ұйымына сақтанушының есебінен төленеді.

9. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар сақтандырушының есебінен жүргізіледі. "

10) 20-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"сақтандыру шартының көшірмесі";

2) тармақшадағы "қызметкерге" деген сөздің алдынан "жәбірленуші" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы туралы аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған сақтандыру ұйымы қорытындысының көшірмесі.>";

11) 21 - бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "оның" деген сөз "қызметкердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "сақтанушы" деген сөзден кейін ", жәбірленуші қызметкер" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қызметкердің бір жылдан астам мерзімге еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда жұмыс беруші осы Заңның 19-бабы 6-тармағының талаптарын есепке ала отырып, қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

1 3) 2 4 - б а п т а :

1-тармақта "жазатайым оқиға" деген сөздер "қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармақтың екінші бөлігінде "жазатайым оқиға" деген сөздер "еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі" деген сөздермен ауыстырылсын .

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі .

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған сақтандыру ұйымдары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде міндетті сақтандыру жөніндегі деректер базасының қатысушылары болуға міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті